

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»  
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XVIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS  
of the XVIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023  
Астана**

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**  
**G99**

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

**ISBN 978-601-337-871-8**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**

**ISBN 978-601-337-871-8**

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2023**

11. Beisenov A.Z. New Data in the research of Settlements of Saka time in Central Kazakhstan // Теория и практика археологических исследований, 2021, Т.33, №3, С. 181-202.
12. Савельев Н.С. Раннесакские поселения Южного Зауралья // Сакская культура Сарыарки в контексте изучения этносоциокультурных процессов Степной Евразии. - Алматы, 2015, С. 246–254.

ӘОЖ 902.2

## ЕРТЕ ТЕМІР ДӘУІРІНДЕГІ МҰРТТЫ ОБАЛАР СЕМАНТИКАСЫ

**Мықтыбаев Нурдаулет Еркінұлы**

[nur777789n@gmail.com](mailto:nur777789n@gmail.com)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 1- курс студенті

Астана қ, Қазақстан

Ғылыми жетекші - Ұ. Ұ. Үмітқалиев

Тасмола мәдениетінің зерттелу тарихы ХІХ ғ. орта ширегінен бастап зерттеліп келе жатқанмен, әлі күнге толықтай кезеңделі мен мерзімделуі шешімін таба қойған жоқ. Сол себепті қазіргі уақыттағы заманауи зерттеулер негізінде тың деректер арқылы кезеңдеу ісін қолға алу қажеттілігі туындап отыр. Осы мәселе жөнінде айтпас бұрын Тасмола мәдениетінің зерттелу тарихы жөнінде қысқаша айта кеткен жөн болар.

1950 жылдары Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы шешімімен Ертіс өзенінен Қарағандыға су каналы салыну жұмыстарының алдындағы қазбалар нәтижесінде Павлодар облысы, Екібастұз ауданы Тасмола ауылының жанында Шідерті өзенінің бойында алғаш тасмолалық ескерткіштер Мир Қасымович Қадырбаевтің ізденістерімен зерттелген болатын. Негізінен Тасмола типіндегі ескерткіштерді ерекшелеуде тас үйінділі обалар мен тас тізбектердің орналасуы және жерлеу ғұрпы өзіндік ерекшеленді. Кейіннен Мир Қасымович Қадырбаевтің зерттеулерімен Тасмола мәдениетінің таралу аймағы Павлодар облысының батысы мен шығысы және Қарағанды облысы, Шығыс Қазақстан облысының Шыңғыстауға дейінгі аймақтарын қамтитындығы айтылған болатын.

«Мұртты оба» кешені өзінің айырықша белгілерімен бірге дала төсінде керіліп жатқан сұлбасымен кімді де болмасын назар аудартпай қоймайды. Ә.Х. Марғұланның болжауы бойынша «мұртты» обалар «ас беру» немесе еске алу орындарына тұрғызылған ғұрыптық құрылымдар дейді. Ә.М. Оразбаевта «мұртты» обаларды ғұрыптық ескерткіштер деген пікірді ұстанды. Оның болжамы бойынша, мұндай ескерткіштер ежелгі дәуірдің діни салтанаттары кезінде құрбандыққа ат шалу дәстүрімен, қасиетті күн тәңіріне табыну идеялармен сабақтас болғандығын айтты [1, 175-192 бб].

«Мұртты оба» кешені әдетте батыстағы «үлкен» және шығыстағы кіші оба деп ажыратылатын 2 обадан, кіші обадан шығысқа қарай тартылған 2 тас тізбектен («мұрттардан») тұрады [2, 256-263 бб.]. М.К. Қадырбаевтың пікірінше, «мұртты» обалар кешенінің шығыс құрылымдары «тек ғұрыптық сипатта» болып күнге табыну үрдісін білдірсе, кешенді тұтас алып қарағанда, батыстағы үлкен обада «тайпаның беделді кісілері: көсемдер, рубасылар, жерленген [3].

«Мұртты» обалар негізінде үш құбылыстан тұрады, бізге жетіп келген мәліметтер бойынша, негізгі обаға мүрде мен сан алуан заттар жатады, ал кіші обада қабір шұңқыры жоқ. Сол үйіндінің астынан сол кездегі жылқы қаңқасы немесе жекеленген сүйектері шығады, ал шығыс жағынан бір екі қыш ыдыс шағады. Негізінен «мұртты» оба түрі кеңінен таралған дегенмен бірақта басқада түрлері кездесуі айқын. Мысалға айтатын болсақ, кіші оба шығыста емес, үлкен обаның оңтүстігінде орналасқан обалар. Бұл ретте олар бір көлемде болады. Тек бір рет қана кездескен болатын, кіші обаның үлкен оба үстінде тұрғызылғандығы, бірақ қалған барлық кезде үш құрамыда кезігеді.

«Мұртты» оба – диаметрі оңтүстіктен солтүстікке қарай 11 м, ал шығыстан батысқа қарай 12м, биіктігі 0,5 м құрайды. Мұртының ұзындығы: солтүстік мұртының ұзындығы – 47,5

м, оңтүстік мұртының ұзындығы – 41,7м, солтүстік мұртының ені – 3м қамтиды ал оңтүстік мұртының ені – 2,5 м қамтиды. Ұлан Ұмітқалиұлының қазба жұмыстары барысында қорғанның беткі бөлігіне тазалау жұмыстары жүргізгеннен кейін орталық нүктеден оңтүстік – шығысқа қарай жер бетінен 0,3 м тереңдікте жылқының шашылған күйдегі сүйектері кездесті деседі. Сол сүйек қалдықтары орналасуына қарағанда жылқының алдыңғы екі қол бөліктерін шығысқа қарай көмген дейді Ұ.Ұ. Ұмітқалиев.

Қазба жұмыстары барысында мұртты обаның мұртшаларының әр бөліктерінен от орындары мен күл қалдықтары көптеп кездесті. Солтүстік мұртшаның шығыс жақ басынан бүтін күйінде сақталған тігінен тұрған қыш ыдыс табылды. Қыш ыдыстың формасы мен ернеуіндегі батырылып салынған өрнектеріне қарап ерте темір дәуірінің соңғы ширегіне жатқызуға болады [4].

Мұртшаның басқа да бөліктеріне шашылып табылған қыш ыдыс сынықтары кездеседі.

Ә.Х. Марғұлан Орталық Қазақстан аймағы «мұртты»обалардың ерекше шоғырланған жері екенін және басқа аймақтарда бұндай мөлшерде кездеспейтінін айта келіп, алғашқы ғылыми пікірлерін білдірді [5].

Ә.Х. Марғұлан «мұртты» обалардың функциясы қасиетті күншығыс елін көрсететін шығыс идеясы, Беғазы – Дәндібай кезеңінің жерлеу ескерткіштерде де, соның ішінде Беғазы некрополи мазарларының ұзын дәліздерін қайталайтын «мәңгілік тұрақ қақпасы секілді,шығысқа қаратылған кірер ауыз» деп атаған. Сонымен бірге ерте темір дәуірі тайпаларының өлген адамдарын қастерлеп, ас берген жерлерінде салынып отырған ғұрыптық ескерткіштер деді [6, 54 бб.]. Көне түріктердің балбалды ғұрыптық қоршаулары мен тасмолалық «мұртты» кешені арасында семантикалық байланыс бар. Ертеде «мұртты» кешенді пайдаланған этникалық топтардың иделогиясының кебір тұстары мен кейінгі балбалды құрылысты қолданған діни топтардың көзқарастары сәйкес келеді. «Мұртты» обалар мен тас мүсіндер мен бір жерде орналасуы бнлгілі бір ғұрыптық маңызға ие болған. Орталық қазақстан жерінде кездесетін биік мүсіндер кейәнгі түркі балбал тастары немесе қыпшақтардың тас мүсіндерінің протипі болып табалды. Сол себепті олар сақ дәуірінің тікелей мқралары ретінде қарастырылады.

Қазақстан жерінде Тасмола мәдениетінің әсіресе «мұртты» обаларды зерттеуде А.З. Бейсеновтың зерттеулерінде жалпы Қазақстан тереториясында 300 ге тарта «мұртты» обалар бар екендігін және олардың әр түрлі типтері болатындығын, сонымен бірге «мұртты» обалардың таралу ареалы бұрынғы уақытта Қарқаралы өңірімен шектелген болса, қазіргі уақытта Шығыс Қазақстан өңірінің Шыңғыстау жоталарында «мұртты» обалардың ірі құрлысты ескерткіштері көптеп кездесетін терең талдап айтқан болатын. Сонымен бірге Тасмола мәдениетінің соңғы кезеңін құлажорға кезеңі деп есептеп, бұл ескерткіштердің мерзімдемесі негізінен тарихи ғұн дәуірі ескерткіштері деуге негіз болған болатын. Міне осы А.З. Бейсеновтың зерттеулері.

Қазіргі уақыттығы осы 300 обаның дерлік 80% –тен астамы Орталық Қазақстан мен оған көршілес орналасқан солтүстік өлкелерді алып жатыр. Ал қалған бөлігі республиканың шеткері аймақтарында табылды. Олар шартты түрде шығыс,батыс, оңтүстік және Жетісу деп аталған төрт түрде қарастырылып жатыр. Ең көлемдісі шығыс тобы: осы топтың ескерткіштері орналсқан Шығыс Қазақстан облысында 16 оба тіркелді [7, 69 б].

Қазақстан ауқымында табылған барлық «мұртты» обалардың 50 –ден астамы қазылған [8, 19 б.]. Бұлардың дені Орталық Қазақстан ескерткіштері.

«Мұртты» обаларды салу барысында өткізілген діни салт-жоралғылардың құрамдас бөліктері мен идеясын сараптасақ, біз бұдан құрбандыққа ат шалу, қасиетті сусын беру, Күн тәңірісіне табыну, шығып келе жатқан күнмен сабақтас шығыс тарапты қастерлеу сияқты жосындарды табамыз және осының бәрі олген адамның рухымен қоштасу, оны шығарып салу идеясына арналғанын байқай аламыз.Қазба нәтижелері бойынша, шағын обаның астынан, әдетте орта туста жылқы сүйектері, ал одан сәл шығысқа қарай, яғни шығыс шетте бір немесе бірнеше қыш ыдыстар табылады. Сонымен қатар, үйіндінің астында әржерде кезінде жанған от іздері (шамалы мөлшерде күл, көмірленген, жанғанағаш қалдықтары) де байқалады.Обадан

шығысқа қарай тартылған жіңішке тас тізбектер («мұрттар») саны - әдетте, екеу. Жарты доға формасында иіліп жатқан бұл тізбектердің ұзындығы 40-50 м -ден 150-200 м -ге, кейде одан ұзаққа барады. Жалпақтықтары 19,8-1 м мен 2-3 м аралығында. Тізбектері ең ұзын ескерткішке (270 м) Қазақстан жерінде Ақмола облысындағы Сарғара-2 обасы жатады [9, 520-521 бб.]. Тас тізбектердің басталар шеті мен шығыс тараптағы аяқталар шетінде бір-бірден шағын дөңгелек құрылыстар болады. Көп жағдайда тізбектердің шеттері мен өне бойында әрекідік тігінен қойылған кішірек не үлкендеу қақпа тастар байқалады [7, 70 б].

Негізінде «Мұртты» обаларды зерттеудегі мәніне терең бағыттталып қарайтын болсақ ашыла түсүін нық басып айта аламыз. Ал осы «мұртты» обалар жерлеу ескерткіштеріне жатады және о дүние мен бұл дүниені жалғастыратын құрылыс депқана қарастыру меніңше аздық етеді. Ата-бабаларының жерленген орнын қасиетті орын депсанап қастерлеген көшпенділер, айтулы күндерді мәселен салт-дәстүрлік мерекелерді солжерде өткізуі ғажап емес. Өйткені, қандай да болмасын халықтың салт-дәстүрі наным сенімдеріне байланысты шаралары белгілі бір орында өткізілуі шартты. Кешенді құрылыс болғандықтан, сол уақытта атқарған қызметі де үлкен болуы тиіс. Сондықтан, өз кезеңінде қоғамда елеулі орын алған құрылыстың уақыт ағымымен кейбір белгілерін жоғалтса да, ұрпақ сабақтастығы мен занды жалғасуын таппауы мүмкін емес [10, 87-88 бб].

«Мұртты» обалар бастау болатын ғұрыптық қоршаулар және тас мүсіндердің көп мәселелері барынша терең ізденістер мен зерттеулерді қажет етеді. Оларды табысты зерттеу, мәліметтерді әлеуметтік-мәдени үлгілеуге қолдану үшін деректемелік қорды мәнді түрде кеңейту мен жаңа нысандарды кең көлемде қазу қажет. Бұның бәрі көп жылғы арнайы еңбекті талап етеді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі**

1. Оразбаев А.М. Курган с «усами» в могильнике Джанайдар как архитектурный памятник // Культура древних скотоводов и земледельцев Казахстана. - Алматы: Наука, 1969. С. 175-192.
2. Алдажұманов Қ.С., Бейсенов А.З. Шығыс Сарыарқа. Қарқаралы өңірінің өткені мен бүгінгі. - Алматы: Эверо, 2004, 256 б.
3. Кадырбаев М.К. Памятники тасмолинской культуры // Древняя культура Центрального Казахстана. - Алма-Ата: Наука, 1966. С. 303-433.
4. Үмітқалиев Ұ.Ұ., Айтбаев А.Б., Эшбекова Г.У. Шыңғыстаудағы Қырықүңгір қорымында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары 2014 ж. // Ulagat.com ақпараттық портал. URL: <https://ulagat.com/2021/01/04> (Қаралды: 10.03.2023 ж.).
5. Маргулан А.Х., Акишев К.А., Оразбаев А.М. Древняя культура Центрального Казахстана. Алматы:АН КазССР, 1966. 434 с.
6. Маргулан А.Х. К изучению памятников район.Сарысу и Улутау // Вестник Академия наук Казахской ССР, №2 (35), 1948, С. 53-67.
7. Бейсенов А.З. «Мұртты» обаларды зерттеудің кейбір мәселелері // Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналған «Тәуелсіз Қазақстанның археология ғылымдарының жетістіктері мен келешегі» тақырыбы бойынша халқаралық Марғұлан оқуларының еңбектер.- Қызылорда, 2001. 68-76 бб.
8. Бейсенов А.З. Погребальные памятники и культово-ритуальные сооружения древних кочевников Центрального Казахстана (7-1 вв. до н.э.): Автореферат дис... кандидата исторических наук. -ь Алматы, 1997, 27 с.
9. Зданович С.Я., Зданович Г.Б., Малютин Т.С., Хабдулина М.К. Работы в Целиградской области // Археологические открытия 1975 года. - Москва: Наука, 1976. С. 520-521.
10. Үмітқалиев Ұ.Ұ. Мұртты оба хақында // Қазақ тарихы журналы.- Алматы, № 2, 2004, 87-88 бб.